

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне шетелдік жеке және заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесі мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 1 наурыз N 160-II

1-бап. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 U952337_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат):

1) 4-бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат берудің міндетті шарты мұндай рұқсат алуға үміткер адамның Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өзінің төлем қабілетін растауы болып табылады.";

2) 9-баптың екінші бөлігі "сондай-ақ" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970204_

Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат):

24-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өзінің төлем қабілетін растауды табыс етпеген адамдарға;"

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК